



ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

1931 жылдын
4 қазанынан бастап шығады

Қ А Р А Ғ А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ғ А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/


www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

● БӘРЕКЕЛДІ!

Головкин – World Boxing президенті

Бұған дейін жерлесіміз, Қазақстанның Ұлттық олимпиада комитетінің президенті Геннадий Головкиннің World Boxing халықаралық федерациясының президенттігіне өз кандидатурасын ұсынғанын сүйіншілей хабарлаған едік. Күні кеше сол жоғары лауазымға отандасымыздың ресми түрде тағайындалғаны туралы ақжолтай ақпарат жетті. Осы бір маңызды жеңісінен кейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Геннадий Головкинді құттықтап, арнайы хат жолдады.



Мемлекет басшысының құттықтау хатында: – Бұл – Геннадий Головкиннің ерен еңбегіне берілген лайықты баға. Даңқты отандасымыз олимпиадалық спорт түрі бойынша халықаралық федерацияны басқаратын Қазақстанның алғашқы өкілі атанды, – делінген.

Халықаралық World Boxing федерациясының президентін сайлау мақсатында Италияның астанасы Римде халықаралық бокс конгресі өтті. Уәкілетті орган 2025 жылдың қазан айында түскен барлық өтінішті қарастырып, тек комиссияның қатаң іріктеуінен өткен үміткерлерге ғана сайлауға қатысуға рұқсат берген. Екі кандидаттың ішінен сайлауға жолдама алған жалғыз үміткер – GGG болды.

Айта кетейік, боксшы бұл қызметте нидерландтық спорт функционері Борис ван дер Ворсттың орнына келген. Осылайша, жерлесіміз халықаралық спорт федерациясын басқаратын алғашқы қазақстандық атанып отыр.

Өз тілшімізден
Сурет Ақорда.кз

● САЛТАНАТ

Қыр қаһармандары құрметтелді

Ауыл шаруашылығы, тамақ және қайта өңдеу өнеркәсібі салаларында тер төгіп жүрген жандар мерекесі шуаққа толы болды. Салтанатты жиынға арнайы қатысқан облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев еселі еңбектің ел дамуындағы алатын орнын айрықша атап өтті. Ол Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың атынан мемлекеттік наградаларды табыстап, өңірдің еңбек майданында жүрген озаттарды құрмет грамоталары мен Алғыс хаттармен марапаттады.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мұнда сан қырлы саланың кешегі ел ырысын еселеген ардагерлері де, бүгінгі күннің тағам қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, ел нарығын тұрақты өніммен қамтып жүрген ізденімпаз мамандары да бас қосқан еді. Сахна төріндегі лед экранда ауыл еңбеккерлерінің қажырлы еңбегін паш еткен көркем көріністер, жыл бойғы жетістіктерді айғақтайтын бейнесюжеттер кезекпен ауысып жатқанда, залда отырғандардың жүзінде мақтаншы та, толқу да анық байқалды.

Салтанат алдында аграрлық саланың жетістіктеріне арналған көрме ұсынылды. Көрмеде ауыл еңбеккерлерінің өңір тұрғындарын қамтамасыз етіп отырған өнімдері қойылды. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Олжас Бектенов ауыл шаруашылығы қызметкерлерін кәсіби мерекені құттықтап, өзінің жылы лебізін жолдады. Құттықтау мәтінін жиын барысында облыс әкімі оқып берді. «Сіздердің ерен еңбектеріңіз – еліміздің азықтүлік қауіпсіздігінің берік негізі, қоғамның ал-ауқаты мен ертенгі күнге деген сенімінің тірегі. Жоғары кәсібилік пен адалдықтың арқасында өңірдің агроөнеркәсіп кешені үздік нәтижелер көрсетуде», – делінген Үкімет басшысының сөзі.

Өңірде ауыл шаруашылығының тынысы жыл сайын кеңейіп келеді. Мал шаруашылығында да соны серпін



сезіледі. Өнім көлемі жыл сайын артып, өңірлік нарықтың сұранысын өтеумен бірге, жаңа бағыттар мен технологиялар енгізілуде. Сүт фермаларының жұмысы жанданып, ет өндіру кешендері сапа стандарттарын жоғары деңгейге көтеріп келеді. Соңғы жылдары аграрлық салаға құйылған инвестициялар 2,4 есеге артқаны – ауыл экономикасына деген сенімнің нақты көрсеткіші. Быылдың өзінде өңірде 31 жоба іске асырылып жатыр. Әрқайсысы – ауылдың әлеуетін еселейтін, еңбек адамдарының тұрмысын жақсартатын маңызды бастама.

– Ауыл шаруашылығы – жай ғана мамандық емес, өмір салты. Таңмен таласа тұрып, жауын мен аптап ыстыққа қарамай еңбек ету, барлық қиындыққа төтеп беру және ешқашан мойымау. Сіздердің еңбектеріңіз бен жетістіктеріңізді жақсы білеміз. Бәріміз де сіздермен мақтанамыз! – деді Ермағанбет

Бөлекпаев. – Биыл облыста 915 мың гектар алқаптан астық жиналды. Бір миллион тоннадан астам астық бастырылды, 411 мың тонна картоп пен 73 мың тонна көкөніс өндірілді. Мұның барлығы – сіздердің мандай терлеріңіз бен адал еңбектеріңіздің нәтижесі. Соңғы жылдары көлемі айтарлықтай артты. Бұл саланың тұрақтылығын нығайтып, климат пен нарықтағы өзгерістерге бейімделу мүмкіндігін кеңейтеді.

Аймақ басшысы Ермағанбет Қадулаұлының айтуынша, мемлекет ауыл еңбеккерлерін қолдау ісін жүйелі түрде жалғастырып келеді. Биылдың өзінде аграрлық салаға 24,3 млрд теңге көлемінде субсидия бағытталғаны – соның айқын дәлелі. Салтанатты жиында еңбегі елге үлгі болған мамандарға ерекше құрмет көрсетілді. Жылдар бойғы мандай тері мен табанды еңбегі үшін

төрт бірдей еңбек адамы мемлекеттік наградалармен марапатталды. Оның ішінде «Құрмет» ордені, «Еңбек Даңқы» ІІІ дәрежелі ордені және «Ерен еңбегі үшін» медалі сияқты жоғары мемлекеттік марапаттар бар. Сахна төріндегі әрбір марапат иесінің жүзіндегі толқынсыз залдағы жұрттың көңілін тебіртпей қоймады. ІІІ дәрежелі «Еңбек Даңқы» ордені Ақтоғай ауданындағы «QAZAQ MEAT», «Global Beef Products», «QAZAQ STEPPE SHEEP» сынды бірнеше серіктестіктің бас директоры Бекболат Сағындық Өмірсерікұлына табысталды. «Құрмет» ордені Нұра ауданының «Асхат» шаруа қожалығының басшысы Мақсат Нұритдиновке және Бұқар жырау ауданының «Шатан» шаруа қожалығының жетекшісі Евгений Апенсовке табысталды.

► 2-бет

Сараннан Сингапурге дейін

Саранның сапалы өнімдері алыс-жақын шетелге шығып жатыр. Мәселен, Silk Road Electronics серіктестігі өндіретін Artel брендінің тұрмыстық техникалары Ресейдің сауда орындарында сатылып жатыр. Ал QazTehna зауыты құрастырған автобус Баку мен Душанбе қалаларының жолында жүр. Кәсіпорынның басқа да техника түрлері Ресейге экспортталады. Яғни, Сараннан, Қарағандыдан шыққан сан саладағы сапалы өнім Сингапурге дейін жол тартып отыр. Мұның бәрі – өңірдің жасампаз еңбегінің, жаңа технологияларды игерген кәсіпорындардың және халықаралық талапқа сай жұмыс істеудің нәтижесі. Яғни, Қарағанды облысы бүгінде – Қазақстанның экспорттық картасында айрықша орны бар қуатты индустриялық өңір.

Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Экспорты екі есе

Осыған қарап, өндірісі өркендеген өңірдің соңғы жылдары еліміздегі индустриялық дамудың негізгі аймақтарының біріне айналып, ішкі нарықты ғана емес, сыртқы нарықтарды да белсенді игере бастағанын аңғарамыз. Мұнымызды статистикалық көрсеткіштеріміз де ресми растайды. Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі биылғы жартыжылдықта өңдеуші өнеркәсіпке көрсетілетін қолдау көлемі өткен жылғы сәйкес кезеңдегі көрсеткішпен салыстырғанда екі есе өскені байқалатынын жазған еді. Тауар экспорттаушы өңірлер арасында Қарағанды облысы көш бастап тұр. Агенттіктің жалпы қолдау көрсету көлемінің 52,7 пайызы индустриалды аймақтың еншісіне түсті. Өңір кәсіпорындары 176 миллиард теңге көлемінде қолдау тапты. Был-

тыр да Қарағанды өңірі үздік атанған еді. Ел бойынша жалпы көлемнің 37,8 пайызын қамтыған болатын. Қарағандылық кәсіпорындар 64,9 миллиард теңге болатын экспорттық келісім-шартын жасасқан. Өткен жылғымен салыстырсақ, қаражат көлемі екі есеге жоғары. Демек, Қарағандының экспорты екі есеге өсіп отыр.

Экспортқа негізінен азықтүлік, металл өнімдері, химия өнеркәсібі, мұнай өңдеу, агроөнеркәсіптік кешен өнімдері және құрылыс материалдары шығып жатыр. Отандық өнімдерді сатып алып жатқан басты елдер – Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Қытай, Ресей Федерациясы, Беларусь, Армения, Әзербайжан, Моңғолия, БАӘ және тағы басқалары.

«КазАрматура» – алпауыт компаниялармен серіктес

Өнімін экспортқа ертеде шығарған «КазАрматура» зауытының шетелдегі



серіктестері саны артып келеді.

Компания Ресейдегі «Роснефть» Ұлттық мұнай компаниясы тара-

пынан әлеуетті жеткізушілер тізіміне енгізілу үшін аккредиттеу рәсімінен жыл сайын өтіп тұрады.

► 3-бет

БАСПАСӨЗ-2026

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2026 жылға жазылу жүріп жатыр. Газетке жазылу «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, Ермаков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдей аласыздар

Газетке 6 айға және 1 жылға жазылуға болады

Санаттар	Жеткізусіз (теңге) 12 айға	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	14 500	6 ай	13 770,14
		12 ай	27 540,28
Жеке жазылулар үшін	6 000	6 ай	6 141,30
		12 ай	12 282,60

Анықтама телефоны: 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.

E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru



Каспи QR арқылы жазылуға болады

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!
«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнына) балама жазылу жүргізіледі.

Қыр қаһармандары құрметтелді



(Соңы. Басы 1-бетте)

– Біз ірі кара мал өсіреміз. Соңғы төрт жылда 800 бас ірі кара малға арналған бордақылау алаңын салдық. Қазір бордақылауда 600 бас мал тұр. Біздің ет негізінен Қарағанды нарығына жеткізіледі. Сонымен қатар, Астана мен Алматыдағы екі ет комбинатына да сатылады. Бұған қоса, біз егін шаруашылығын дамытамыз. Зығыр мен бидай егіміз. Біздің қожалыққа қазір 13 жыл болды. Бұл мамандыққа кездейсоқ келген жоқпын: бұрын ет сатумен айналыстым, бірақ өнім жеткіліксіз болды. Сол себепті, туған ауылға оралып, мал шаруашылығымен айналыса бастадым. Менің еңбегімді бағалағандары өте қуантады. Бұл марапат одан әрі еңбек етуге ынталандырады, – дейді Евгений Апенсов.

Қарқаралы ауданының ауыл шаруашылығы ардагері Тойбек Оспанов «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Ол 16 жасында трактор тізгіндеген, кейін комбайнда жұмысын жалғастырған.

– Менің еңбек жолым 1963 жылы басталды, сол уақыттан бері туған Қарыншы ауылымдағы ауыл шаруашылығы саласынан кетпеймін. Өмірімді туған ауылымда өткіздім және бұл туралы ешқашан өкінген емеспін.

Көпжылдық еңбегімнің назардан тыс қалмағанына қуаныштымын. Бұл ауылдың өмір сүруіне сенім мен күш береді. Қазіргі уақытта көптеген жастар туған жерден кетіп жатады, бірақ менің оларға айтарым: өз туған топырақтарыңды сүйіңдер, – деп жастарға ақ батасын берді ақсақал.

Саланың үздік қызметкерлерін марапаттау рәсімі бірінен соң бірі жалғасып, залды толтырған еңбек адамдарының көтеріңкі көңіл күйін одан сайын асқақтата түсті. Биыл салада жоғары нәтижеге қол жеткізген мамандар ведомстволық наградаларға ие болды. Жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін кәсіби байқаудың жеңімпаздары да осы күні сахна төріне көтерілді. «Үздік агроном» атағы Нұра ауданының «Шахтёрское» ЖШС тәжірибелі маманы Сергей Нидеркельге бұйырды. Ал, «Үздік комбайншы» номинациясында Осакаров ауданындағы «Найдоровское» ЖШС қызметкері Алексей Хиллов озық шықты. Мал шаруашылығындағы үздік маман – Қарқаралы ауданындағы «Атамұра Табыс» ЖШС директорының орынбасары Арман Байзақов. «Еңбек адамы» аталымында Ақтоғай ауданынан келген Оралбай Құлдабаев марапатталды. Өңірдің агроөнеркәсіп кешеніндегі үздік кәсіпорындар да биылғы мерейлі

сәттен тыс қалған жоқ. «Қарағанды-Нан» корпорациясы, «Апрель Құлагер» ет комбинаты, Құрма құс фабрикасы және «Нәтиже» сүт зауыты өңір экономикасын алға сүйреп отырған жетекші өндіріс орындары ретінде аталды. Ауыл шаруашылығы саласына инвестиция тарту бойынша көшбасшы компания – «Евразия Инвест LTD» деп танылды.

Салтанатты шара мерекелік концертпен түйінделді. Сахнадан төгілген ән мен күй бір сәтке болса да шаруалардың иінін жазып, еңбектің қадірін, еңбеккерлер бірлігін сездіргендей болды. Келісті кеш қыр қаһармандарының ортақ мерекесі, өңірдің еңсесін көтерген еңбек салтанаты қалыбында есте қалды.

Шауақты жиын аяқталғанымен, залдан шығуға асыққан жан болмады. Бірі әріптесін құттықтап, бірі көптен көрмеген танысын құшақтап, тағы бірі суретке түсіп, осы бір ерекше күннің жалқын лебін ұзаққа сақтап қалуға тырысты. Солайша, бұл күн жыл бойғы маңдай тердің өтуінедей болған, қыр қаһармандарының мерейін үстем еткен, еңбектің биік мұратын дәріптеген есте қаларлық мерекеге айналды. Еңбек салтанаты осылай жалғасып келеді, жалғаса да береді.

Суреттер облыс әкімінің сайтынан

Өндірісті өлкедегі рух салтанаты



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Өндірісті өлкеміз қарашаның кезекті таңы өзгеше бір рухани тынысқа бөледі. Аймаққа арнайы келген Астана және Қазақстан митрополиті Александр мен облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың кездесуі аймақ өміріндегі маңызды оқиғаның біріне айналып, қоғамдағы рухани келісім, бейбітшілік және адамгершілік құндылықтар төңірегіндегі әңгімелерге жаңа серпін берді. Екі тараптың ашық диалогы аймақтың индустриалды келбетімен қатар, рухани келісім мен татулыққа негізделгені тағы бір мәрте айқындай түсті.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кездесу барысында облыс әкімі қоғамдағы бейбітшілік пен өзара түсіністіктің маңызын айрықша атап өтті. Ермағанбет Қабулаулының мәлімдеуінше, рухани институттар мен мемлекеттік құрылымдар арасындағы ашық диалог – ел дамуының берік тіректерінің бірі.

– Әр кездесудің өз құндылығы бар. Біз діни бірлестіктер жұмысына қатысты мәселелерді сөз етумен шектелмейміз. Қоғамның рухани-адамгершілік тәрбиесін қалыптастыру, жастар санасына асыл құндылықтарды сіңіру – ортақ міндетіміз. Бұл аймақтың, әрі тұтас еліміздің тұрақты дамуына да оң ықпал етеді. Қарағандының православ епархиясы осы бағытта толайым еңбек етіп, ағартушылық

бастамалар мен түрлі әлеуметтік жобаларға белсенді араласып келеді, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Өз кезегінде митрополит Александр да Қарағанды өңірінің рухани өміріндегі маңызды кезеңді атап өтті. Биыл Қарағанды епархиясының құрылғанына 15 жыл толып отыр. Осыған орай, құрметті қонақ епархия қызметінің қалыптасу жолы мен нәтижелеріне де тоқталып өтті. Сонымен бірге, жуырда Мәскеу және бұкіл Русь Патриархы Кириллдің Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VIII съезіне қатысу үшін Астанаға жасаған сапарының мән-маңызы туралы әңгімеледі.

Митрополит Александрдың пікірінше, Қазақстанда дәстүрлі діндер арасындағы татулық пен өзара құрмет мәдениеті әлем елдеріне үлгі боларлық деңгейге

көтерілген. Бұл – елдің ішкі саясатындағы айқын бағыт пен халықтың тарихи болмысына тән толеранттылық қасиетінің нәтижесі.

Жүздесу соңында тараптар алдағы уақытта да ынтымақтастықты нығайтуға, рухани бастамаларды қолдауға және дінаралық келісім үлгісін дамытуға мүдделі екенін жеткізді. Осылайша, Қарағандыда өткен бұл кездесудің түпкі мәні аймақтың ғана емес, тұтас елдің рухани тынысын байыта түсуге бағытталған ортақ ой мен ізгі ниеттің үндестігі десек, артық айтқандық емес.

Қоғамдық келісім мен адамгершілік құндылықтар қай кезеңде де өзектілігін жоғалтпақ емес. Ал, мұндай мазмұнды диалогтар маңызды құндылықтардың мәңгі жасай беруіне сеп болатын қадамның бірі екенін атап өткен жөн.

• ТАҒАЙЫНДАУ

Инвесторталықта – жаңа басшы

Қарағандыда «Kazakh Invest» ұлттық компаниясының аймақтық директоры – Инвесторларды қолдау орталығының басшысы қызметіне Шахназар Әубақиров тағайындалды. Бұл тағайындау – өңірде инвестициялық ахуалды дамыту мен инвесторлармен қарым-қатынасты күшейтуге бағытталған маңызды қадам.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев жаңа басшының қызметіне жоғары баға беріп, оған нақты әрі жедел өзара іс-қимыл орнату, Орталық жұмысының тиімділігін арттыру және сенімді ны-



ғайтуға бағытталған инновациялық шешімдерді енгізу міндетін тапсырды.

– Облысқа инвестиция тарту бойынша жүйелі жұмыс жүргізіліп келеді. Енді басты назар – инвес-

торлармен нақты байланыс орнату, Орталық қызметінің тиімділігін арттыру және сенімді нығайтуға ықпал ететін жаңа шешімдерді қолдану. Сіздің тәжірибеңіз осы мақсаттарға жетуге мүмкіндік беретініне сенімдімін, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Шахназар Әубақиров – экономикалық салада мол тәжірибесі бар маман. Ол бұрын коммерциялық ұйымдарда жұмыс істеп, ҚР Президентінің Іс басқармасында қызмет атқарған. 2023 жылдың қарашасынан бастап, «Kazakh Invest» АҚ-ында сервистік қолдау департаментінің бас менеджері лауазымында жұмыс істеген.

Жаңа басшының тағайындалуы өңірдің инвестициялық әлеуетін арттыруға, бизнесті қолдауды күшейтуге және кеншілер өлкесін кәсіпкерлік үшін тартымды аймаққа айналдыруға бағытталып отыр.

• ДЕНСАУЛЫҚ

ЖРВИ жұқтырғандар көбейді

Қарағанды облысында эпидемиологиялық ахуал өршіп тұр. Тұрғындар арасында ЖРВИ мен тұмау жұқтырғандар көбейді. Қарағанды облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің хабарлауынша, биылғы 1 қазан мен 20 қараша аралығында ЖРВИ-мен ауырғандардың 75 мың 859 жағдайы тіркелді. Науқасқа шалдыққандар арасында 14 жасқа дейінгі балалар да бар. Олардың үлесі 57 пайызды құрап отыр. Тіпті, тұмаумен ауырған оқушылар саны күрт өскен облыстағы алты бірдей мектеп онлайн оқуға ауыстырылды.

Гүлнәр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Вирус, әдетте, жыл сайын күзгі-қысқы кезеңде өршиді. Бұл кезеңдегі маусымдық вирустың, яғни А (H3N2) типті тұмаудың 61 жағдайы тіркелді. 14 жасқа дейінгі балалар оның 80% құрайды, барлығының себебі ортақ – вакцинацияланбаған. Қаулыға сәйкес, бір сыныпта оқушылардың 30 пайызы немесе одан да көп үлесі ЖРВИ-мен ауырса, сынып онлайн оқуға көшеді. Бүгінде ауырған оқушылардың көптігіне байланысты облыстағы 6 мектептің 29 сыныбы онлайн оқу форматына ауысты.

– Бұл вирус жаңа штамм емес, аурудың көріністері тұмаудың клиникалық көрінісіне сәйкес келеді – олар дене қызуының күрт көтерілуі, бастың және бұлшықеттің ауруы, қалтырау, дененің ауыруы. Тұмаудан басқа, аймақта басқа вирустар да айналымда бар. Зерттелген 492 үлгінің ішінде тұмау емес вирустар 44% құрады, олардың ішінде риновирус (44%), парагрипп (25%), боковир (12%), аденовирус (9,5%), РС вирусы (1,3%) басым және басқалары бар. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының болжамына сәйкес, биылғы эпидемиялық маусымда тұмау вирусының үш шта-



мы өзекті болады – А (H1N1), А (H3N2) және В. Олардың барлығы тұмауға қарсы вакцинацияның құрамына кіреді, бұл аурудың ауыр

түрлерінен қорғауды қамтамасыз етеді, – деді Қарағанды облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшы-

сы Юрий Залыгин.

Бүгінгі күні 164 249 адам тұмауға қарсы вакцинациядан өткен. Егу А(H3N2) қоса алғанда,

айналымдағы өзекті штаммдардан қорғауды қамтамасыз етеді.

Қарағанды облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті эпидемиологиялық жағдайға тұрақты мониторинг жүргізуді жалғастыруда және тұрғындарды тұмау мен ЖРВИ-дің алдын алу шараларын сақтауға шақырады.

Атап айтқанда, адамдар көп жиналатын жерлерде, әсіресе жабық үй-жайларда көп жүрмеуге үндейді. Түшкіру немесе жөтелу сияқты ауру белгілері бар адамдармен байланысты мүмкіндігінше шектеу қажет. Қолды сабынмен жиі және мұқият жуу, дымқыл гигиеналық және дезинфекциялық құралдарды үнемі пайдалану керек. Болмені жиі желдетіп, үнемі таза ауамен жаңарту, құрамында С дәрумені бар тағамдарды мүмкіндігінше көп жеу, аурудың алғашқы белгілерінде өзін-өзі емдемеу, уақытылы медициналық көмекке жүгіну де маңызды.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

ӘЛЕУМЕТ

Халыққа қалтқысыз қызмет

Қарағандыда халыққа мемлекеттік қызмет көрсетуінің қолжетімді әрі ашық жүйесіне айналған Халыққа қызмет көрсету орталықтарының құрылғанына 20 жыл толуына арналған салтанатты іс-шара өтті.



Жамал СОВЕТҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Салтанатта Қарағанды өңірінің 100-ден астам маманы мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыруға қосқан үлесі үшін марапатталды. ХҚКО жүйесінің құрылуы мен дамуына еңбек сіңірген ардагерлер де Алғыс хаттарға ие болды.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы басқарма төрағасының орынбасары Айбат Ильясов өз сөзінде Қарағандының ХҚКО жүйесінің қалыптасуындағы ерекше ролін атап өтті.

Бұл – өте маңызды кезең. Мемлекеттік корпорацияның алғашқы пилоттық жобалары да дәл осы өңірде іске асқан. Алғашқы мамандандырылған орталықтар, жаңа сервистер Қарағандыдан басталды, – деді ол.

Сонымен қатар, бүгінгі жетістіктерге, цифрлық шешімдердің мәніне тоқталды.

ХҚКО алғаш құрылғанда небәрі 25 қызмет түрі көрсетілсе, қазір 1300-ден астам мемлекеттік қызмет ұсынылады.

Республика бойынша 322 фронт-офис жұмыс істейді. Электронды брондау, жеке менеджер қызметі сияқты сервистер азаматтарға қолайлы жағдай жасады. Пандемия кезінде де орталық мамандары алдыңғы шепте жұмыс істеді. Бүгінде жыл сайын миллиондаған өтініш қабылданады. Бұл – үлкен еңбектің нәтижесі, – деді Айбат Ильясов.

Халыққа қызмет көрсету жүйесінің Қарағандыдағы алғашқы басшыларының бірі, сала арда-

гері Сәуле Базарова ХҚКО-ның қалай құрылғаны туралы тарихи деректермен бөлісті.

– Қарағанды облысындағы ең алғашқы ХҚКО-ның директоры болдым. 2006 жылы Қарағандыда үш орталық ашылды. Оның бірі – Мұқанов көшесіндегі №1 ХҚКО, мен сол орталықты басқардым. 2006 жылы жұмысты бастағанда біздің қызметкерлеріміздің бәрі жас мамандар еді. Университетті енді бітірген, тәжірибесі жоқ, ХҚКО дегеннің не екенін енді ғана түсініп жатқан мамандар. Ал, бізге үлкен жауапкершілік артылды. Себебі ХҚКО-лар, ең алдымен, жемқорлықтың алдын алу, мемлекеттік қызметтерді ашық ету үшін құрылды. Мемлекеттік органдардан қызметтерді қабылдап алу өте қиын болды, – деді ол.

Ардагердің айтуынша, ол уақытта орталық арқылы небәрі 26 қызмет көрсетілді. Жалпы 131 қызмет болды, яғни оның тек 8%-ын ғана орталық көрсеткен. Бүгінде мемлекеттік қызметтердің 80%-ын ХҚКО мамандары орындайды.

«Азаматтарға арналған үкімет» Қарағанды облысы бойынша филиалының директоры Тілеубай Құсайынов орталықтардың 20 жыл ішіндегі даму жолына тоқталып, алдағы жоспарларымен бөлісті.

Сурет «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қарағанды облысы бойынша филиалының баспасөз қызметінен

ҚҰҚЫҚ

Қауіпті учаскелер анықталды

Қауіпті аймақтарға арнайы белгілер қойылды. Облыстың полиция департаменті бастығының орынбасары Жасқайрат Қайыров «Қазавтожол» қызметкерлерімен бірлесіп, облыс аумағынан өтетін республикалық және облыстық маңызы бар автожолдарға кешенді тексеру жүргізді.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Тексерудің негізгі мақсаты – жолдардың техникалық талаптарға сәйкестігін бақылау, қысқа дайындық жұмыстарын қарастыру, жолдарды қардан тазалау және қолайсыз ауа райы кезінде олардың уақытылы жабылуын қамтамасыз ету.

Талдау нәтижесінде облыс арқылы өтетін республикалық маңызы бар автожолдардың жеті учаскесінде жол-көлік оқиғалары жиі тіркелетіні анықталды. Осыған байланысты полиция қызметкерлері «Қазавтожол» мамандарымен бірге аталған учаскелерде заманауи технологияларды пайдалана отырып, арнайы ескерту белгілерін орнатып жатыр.

Бүгін біз жолға жауапты мамандармен бірге тексеру жүргізді, апат жиі болатын учаскелерге ескерту белгілерін орналастыру жұмыстарын қолға алдық. Республикада алғаш рет Қарағанды облысында жол шетіне қызыл жолақ белгісін салдық. Бұл белгі «Қарағанды-Қарқаралы» тасжолында орнатылды. Себебі дәл осы жерде бұған дейін екі көліктің қақтысуымен ауыр жол апаты болып, бес адам қаза тапқан еді. Қызыл жолақ жүргізушілердің назарын аударып, әсіресе түнгі уақытта,

сондай-ақ, қар астынан да жақсы көрінеді. Жолақ жүргізілгеннен бері бұл учаскеде бірде-бір жол-көлік оқиғасы тіркелген жоқ, – деді Жасқайрат Қайыров.

Сондай-ақ, қыс мезгілінде жол қауіпсіздігіне аса назар аудару қажеттігін атап өтті. Қолайсыз ауа райында жолдың жабылуы, жүргізушілер мен жолаушылардың жеделі жеріне қауіпсіз жетуді басты міндет болып қала береді.

Осы мақсатта республикалық тасжолдарға үлкен ақпараттық экрандар орнаттық. Онда облыстың әр аумағындағы ауа райының жағдайы көрсетіліп тұрады. Мысалы, Теміртауда жол жабылса, кептеліс туындамауы үшін Балқашта да қозғалысты шектеу қажет болуы мүмкін. Бірақ, ол жерде күн ашық болғандықтан, жүргізушілер тарапынан түсінбеушілік болмауы үшін экрандар арқылы нақты жағдай көрсетіліп отырады. Сонымен қатар, біздің ұсынысымызбен республикалық жолдарға электронды жылдамдық белгілері де орнатылды. Жылдамдық режимі ауа райына байланысты автоматты түрде өзгеріп отырады: қолайсыз ауа райында 140 км/сағ жылдамдық 80-60 км/сағ деңгейіне дейін төмендетіледі. Себебі, жолда көктайғақ немесе қар үйінділері болуы мүмкін, – деп атап өтті.

БРИФИНГ

Қарағанды спорты жаңа белесте

Қарағанды өңірінде спорт жан-жақты даму үстінде. Қазіргі таңда өңірде 1 259 спорт ұйымы мен 39 спорт мектебі жұмыс істеп тұр. Жалпы білім беретін мектептерде 4 350 спорт секциясы бар болса, колледждерде 205 секция және 12 балалар мен жасөспірімдерге арналған дене шынықтыру клубының келушілері үшін есігі айқара ашық. Облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысының орынбасары Дәурен Есімханов өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Қарағанды спортының жетістіктері мен даму перспективалары жайында айтты.

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Бүгінгі күні өңірдегі жасөспірімдер мен балаларға арналған спорт мектептері, спорт клубтары айтарлықтай нәтиже көрсетуде. Ауылдық жерлерде балалар мен жасөспірімдерге зор мүмкіндіктер қарастырылып отыр. Олай дейтіміз, ауылдағы спорт алаңдары мен балалар-жасөспірімдер клубтарының ашылуы қала мен аудан әкімдіктерінің қолдауымен қаржыландырылуда. Сонымен қатар, Дәурен Жағыпарұлы Қарағанды спортшыларының халықаралық арена-ларда да табысты өнер көрсетіп жүргендігін баса айтты.

Біз үздік спортшыларымыздың жетістіктерін мақтан тұтамыз. Бокстан екі дүркін әлем чемпионы атанған Анда Әбікеваның өнеріне тәнтіміз. Теміртаулық биатлоншы Владислав Киреев спринттен Қытай Харбинінде Азия ойындарының чемпионы атанды. Өрі командалық эстафетада күмісті жеңіп алды. Біздің спортшылар әртістік жүзден өткен Азия чемпионатында 28 медаль жеңіп алып, әлем кубогында тамаша өнер көрсет-



ті. Құрлықтық біріншіліктерде теміртаулық ескекшілер керемет нәтиже көрсетті. Батут гимнастикасынан әлем кубогы кезеңдерінің нәтижелері бойынша дүрт Данил Мусабаев пен Никита Тумаков әлемдік рейтингте бірінші болды. Алан Құрманғалиев үстел теннисінен халықаралық біріншіліктердегі жеңістерімен қуантты. Жастар арасындағы Азия ойындарында облыс спортшылары медальдардың рекордтық санын жеңді. Бұл 2025 жылғы спорттық жетістіктердің тек жартысы ғана – деді ол.

Ұлттық спорт түрлері де қарқынды дамып келеді. Тоғызқұмалақ, қазақ күресі, көкпар, аударыспақ, асық ату, теңге алу сынды дәстүрлі ойын мен спорт түрлеріне 38 мыңнан астам адам қатысуда. Ал, ұлттық құрамасы сапына енген 36 спортшы халықаралық жарыстарда облыстың атын қорғап, елеулі нәтижелер көрсетуде.

Мүгедектер спортына да баса назар бөлінген. Бүгінде, облыстық мүгедектер спорты мектебінде 430 адам спортпен айналысады екен. Ал, олардың жартысына жуығы – балалар. «Қазақстандық арнайы Олимпиада» ҚБ филиалы мен басқа да әлеуметтік жобалар аясында психикалық дамуы

тежелген, аутизмді бар, қозғалыс аппараты зақымданған балалар спортқа тартылуда.

Спорт инфрақұрылымы да айтарлықтай жаңартылуда. Алаңдар мен спорт кешендері, заманауи спорт кластерлері, қалалар мен аудандардағы жаңа нысандар балалар мен жасөспірімдердің спортпен айналысуына қолайлы жағдай жасап отыр. Сонымен қатар, «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында ауылдық жерлерде бірнеше спорт кешені салынууда.

Қарағанды әкімдігі қаланың орталық саябағында және Ә.Бөкейхан атындағы ауданның Мәдениет үйінің артында екі бейімдеу алаңын орнатты. 2025-2027 жылдарға арналған жоспарға сәйкес, облыстың қалалары мен аудандарында үш жылда осындай 238 нысанды орнатуды жоспарлап отырмыз. Жалпы, облыста 1 317 спорт ғимараты жұмыс істеп тұр. Оның 323-і – ауылдық жерлерде. Биыл Приозерск қаласында, Ақтас және Қарағайлы кентінде салынып жатқан ДШСК құрылысы жалғасуда. Одан бөлек, Қарқаралыдағы стадионның құрылысы да тоқтамады. «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында жергілікті бюджет қаражаты есебінен Көктас ауылында, Құшпоқы және Ақсу-Аюлы кентінде жүзу бас-

сейінің құрылысы басталды. Күнгей ықшам ауданында спорт кешенінің, Қарағандыда спорт кластердің құрылысы басталды. Бюджеттен тыс қаражат есебінен Мойынты кентінде және Балқаш қаласында тез салынатын екі спорт кешені пайдалануға берілді, – деді Дәурен Есімханов.

Сонымен қатар, басқарма басшысының орынбасары облыста спорт саласы бойынша өткізілген ғылыми-тәжірибелік жұмыстарға да тоқталды. Алдағы уақытта халықаралық конференция мен семинарлар нәтижесінде спорт менеджменті, спорттық медицина, психология саласында жаңа білім беру бағдарламалары енгізілмек. Бұл «кәсіби кадрларды дайындап, бұқаралық және жоғары жетістіктер спортының дамытуға қосымша серпін береді» дейді спикер.

Қарағанды облысында спортты дамытуда тұрақты әрі жан-жақты жұмыстар атқарылуда. Спортшылар халықаралық арена-ларда облыстың атын асқақтатуда. Ал, алдағы уақытта жоспарланған шаралар мен жобалар бұқаралық спортының қарқынды дамуына үлкен үлес қосады деп сеніммен айтуға болады.

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Сараннан Сингапурге дейін

(Соны. Басы 1-бетте)

Өнімдерін көршілес мемлекеттегі «Сибур», «ИстЭнергоГрупп-Урал», «Газнефтсервис», «Гравис», «Брикс», «Арманарк», «СтройЛидер» секілді іргелі кәсіпорындарға өткізеді.

Өнеркәсіп арматуралары, мұнай-газ жабдықтары, энергетикалық жабдықтардың түр-түрін даярлайтын өндіріс ошағы Қырғызстан еліндегі «Электр станциялары» мен «Бішкек жылу желілері» серіктестігіне жеткізеді. Мұнымен қоса, кәсіпорын сапалы тауарын Өзбекстан Республикасының әйгілі «Eriell Oilfield Services Middle East DMCC» компаниясы да тұтынады.

ТМД-мен тығыз байланыста

Рецеңке-техникалық бұйымдар шығаратын «Восход» кәсіпорының өнімдері ТМД елдері мен жақын шетел нарықтарына кең көлемде жеткізілуде. Экспорт географиясының өсуі – өнімнің сапасы мен халықаралық стандарттарға сәйкестігін көрсетіп отыр.

Өндіріс орны өз тұтынушыларымен ұзақ мерзімді, сенімді байланыс орнатқан. Тау-кен өндіру, мұнай-газ, ауыл шаруашылығы, көлік және өндіріс секторларында жұмыс істейтін ірі корпорациялар компанияның тұрақты тапсырыс берушілеріне айналып үлгерді.

Бұл өз кезегінде өнімнің сапасына деген сеніммен қатар, кәсіпорынның өз міндеттемелерін уақытылы және мінсіз орындауының нәтижесі.

Экспорттық бағытты кеңейту – кәсіпорын үшін стратегиялық мақсат. Сондықтан, өндірісте жанашыл технологияларды енгізу, өнімнің сапасын жетілдіру, халықаралық талаптарға сәйкестікті күшейту бағытында күнделікті жұмыс жүргізіліп отыр дейді серіктестік басшылығы. Сәйкесінше, бұл шешім мемлекет тарапынан көрсетілетін экспортты қолдау тетіктерімен үндесін,

компанияның шетел нарығындағы беделін арттырып отыр.

Алдағы уақытта да кәсіпорын экспорт көлемін ұлғайтып, шетелдік серіктестер ауқымын кеңейтуді көздейді. Тиімді логистика, сапаға тұрақты бақылау, серіктестік мәдениеті мен өндірістік тәртіп – әлемдік бәсеке-келестік жағдайында басты артықшылықтардың бірі.

Палатаның кәсіпкерлерге пайдасы

Кәсіпкерлер палатасы өңір кәсіпорындарының халықаралық нарыққа шығуына жан-жақты қолдау көрсетіп, экспорттық әлеуетті күшейтуге айтарлықтай үлес қосып отырған ұйым.

Қарағанды облысының кәсіпкерлер палатасының директоры Ернар Күлшейінов экспортқа бағытталған бизнестің маңызын ерекше атап өтіп, атқарылып жатқан жұмыстармен бөлісті.

Біз өңірдегі экспортқа бейімделген кәсіпорындардың арнайы тізілімін жүргіземіз. Қазір онда 140-тан астам компания бар. Бұл кәсіпорындар күнделікті өндірісін күшейтіп қана қоймай, сыртқы нарыққа сенімді кадам жасап жатқан кәсіпкерлер. Палата олардың әрқайсына экспорттық рәсімдер, сертификаттау талаптары және мемлекеттік қолдау шаралары бойынша кеңес береді, – дейді Ернар Дауылұлы.

Экспорттағы ең маңызды тетіктердің бірі – сыртқы сауда операциялары үшін қажетті құжаттарды дұрыс және уақытылы рәсімдеу. Бұл – халықаралық талаптармен тығыз байланысты болғандықтан күрделі үдеріс. Осы орайда Палата кәсіпкерлердің жұмысын жеңілдетіп, нақты көмек көрсетіп келеді.

2024 жылы кәсіпкерлер палатасы 19 085 экспорттық сертификат, 985 СТ-КЗ сертификаты және 150 индустриялық сертификат берді. Бұл – біздің өңірдің халықаралық нарыққа шығуға



деген зор қызығушылығын көрсететін айқын көрсеткіш. Сонымен қатар, экспорттық өнімге қойылатын талаптар мен сертификат алу тәртібі бойынша оқыту сессияларын тұрақты түрде өткіземіз. Кәсіпкерлерге түсіндіру жұмыстары үздіксіз жүргізіледі, – дейді ол.

Палата жұмысының түпкі мақсаты – Қарағанды кәсіпорындарының өз өнімін әлемдік нарықта еркін сатуға мүмкіндік жасау, олардың алдында тұрған әкімшілік кедергілерін азайту және экспорттың өсімін қамтамасыз ету.

Біздің міндет – өңір бизнесінің сыртқы нарыққа шығуына қолайлы жағдай жасау. Осы арқылы Қарағанды облысының экспорттық әлеуетін арттыруға үлес қосамыз, – дейді Ернар Дауылұлы.

Қарағандының қарышты қадамы

Өңір экспортының екі есеге өскені – жай ғана статистика емес, бұл Қарағандының өнеркәсіпті әлеуетті арттып, әлемдік бәсекеге батыл қадам жасап отырғандығының айшықты айғағы.

«КазАрматура», «Восход» тәрізді кәсіпорындардың өнімдері ТМД нарықтарында сенімге ие болып, халықаралық әріптестік ауқымы тұрақты кеңейіп келеді. Бұл – сапаға деген табандылықтың, өндірістегі тәртіп пен технологиялық жаңғырудың жемісі.

Мұнымен қоса, кәсіпкерлер палатасы 140-тан астам экспортқа бағытталған компанияның сенімді серігіне айналып, олардың алыс-жақын нарыққа шығуына нақты жол ашып отыр.

Қарағандыда жасалған өнімнің алпауыт елдерге де жетуі – өңірдің жаңа экономикалық келбеті. Бұл – біздің кәсіпорындар сапаның да, сенімнің де, сұраныстың да талаптарына жауап бере алатынын көрсетіп отыр.

Алдағы міндеттер де айқын: осы серпінді бәсеңдетпей, экспорт географиясын кеңейту, жаңа нарықтарды игеру, Қарағанды өнімін әлемдік бренд деңгейіне шығару.

Өйткені, экспорт өрлеген жерде экономика күшейеді.

Суреттер кәсіпорындардан алынды

• МЕРЕЙ

Дала дарабозының дауысы

Қазақ әдебиетінің көрнекті сөз зергері Өмір Кәріпұлының 85 жас мерейтойына арналған «Бозторғайша шырылдап бұла таңнан, Даладан қаламына қуат алған» атты сазды әдеби кеш сол күні әдеттегі мәдени жиындардан өзгеше өзінің ішкі лебі, даланың иісі сіңген тынысы, жүрекке жетер жылы үнімен дараланды. Залда тылсым тыныштық орнап, сөз өнерінің сиқыры сахнаға қонған сәттен бастап, көрермендер жүрегін жылытып, көңілін елжіретті. Арқа топырағына тән қоңыр салқын самалдай ескен әдеби атмосфера тыңдарманын бірде ойға жетелеп, бірде шабытқа бөлеп, бірде сағынышка шомдыра берді...

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Керімсал кештің тізгінін ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Қойлыбай Асан ұстап, шараның рухани салмағын одан әрі арттыра түсті. Сахнаға шыққан әр тұлғаның сөзі ондағы жұрт назарын бір сәтке де босансытпай, кеш мәртебесін биіктетіп жіберді. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қарин мен облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың ақжарма құттықтауы мен ыстық лебізін аймақ басшысының орынбасары Ораз Тәуірбеков жеткізгенді. Мемлекеттік деңгейдегі ықпал пен құрмет абыз жазушының әдебиет кеңістігіндегі орнын айрықша айқындап, мерейтой салтанатына салмақ қосты. Содан соң сахнаға Шет ауданының әкімі Мұхит Мұхтаров көтеріліп, өңір халқының атынан Өмір Кәріпұлына деген алғашқы алғысы мен ризашылығын білдірді. Абай атындағы мемлекеттік сыйлық иегерлері Серік Ақсұңқарұлы мен Ғалым Жайлыбайдың жылы лебіздері көрерменді тағы бір толқытып, әдеби қауымның құрметін айқын көрсетті. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің өкілі, жазушы Алмаз Мырзахмет, прозаик Толымбек Әбдірайым, жазушы Қуандық Түменбай, сыншы-ғалым Раушан Әбдіқұлова сахна төріне шығып, әрқайсысы Өмір Кәріпұлы шығармашылығының қыр-сырына терең бойлаған әсерлі сөздерін, жүрекжарды құрметін жеткізді. Жазушы Қуандық Түменбай Қазақстан Жазушылар басқармасының өкімімен Өмір Кәріпұлына «Қазақстандық Құрметті жазушысы» атағын табыстайды.

Сахна төрінде жазушының сөзіне жазылған сырлы әндер шыркылып, тыңдарман жүрегін тербеді. Әдеби туындылары негізінде дайындалған театрландырылған қойылым ақынның сөз



әлемін сахна кеңістігіне көшіріп, көрерменді бірде толғанысқа, бірде тебіреніске бөлеп, салтанатты кештің шырайын аша түсті. Ел газеті «Egemen Qazaqstan», «Ana tili», «Ortalyq Qazaqstan» сынды белді басылымдардың қаламгер шығармашылығына арнайы айқарма бет арнауы да мерейтойдың қоғамдық маңызын айқын көрсетті. Сондай-ақ, облыстық Н.Тоголь атындағы әмбебап кітапханасының өкілдері жазушының әр жылдары жарық көрген кітаптары мен мерзімді басылымдарда жарияланған мақалаларының кең көлемді көрмесін дайындап, меймандардың зор қызығушылығын оятады. Құнды мұраға толы сырлы сөздерден қабырғалы қаламгердің шығармашылық жолы, ізденісі, әдеби эволюциясы айқын аңдалды. Ұлт ұясы Ұлытаудың қасиетті топырағынан, Жезқазған шаһарынан арнайы келген Алашқа танымал өнер майталмандары әншілер Ғалым Мұхамеддин, Береке Көшенов, Ардақ Мұқышев, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын Ғазиз Ештанаев, белгілі қаламгер Ахат Құрмансейіт, қоғам қайраткері Ізгілеу Түсіпов сахнаға көтеріліп, мерейтой иесіне жүректен шыққан ізгі тілектерін, шынайы ықыластарын білдірді. Халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері, жазушы Төрехан Майбас, арда азамат, кәсіпкер Ұлан Әбдіхан, облыстық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы Елеужан Серім, Қазақстан Журналистер одағы

ның Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Жәнібек Садықанов пен қарымды қаламгер Мағжан Садықановтың сахнаға шығып айтқан лебіздері де кештің көркін кіргізіп, Өмір Кәріпұлына деген ел құрметін айшықтай түсті. Қазақстан Журналистер одағы басқармасының төрағасы Сейітқазы Матаевтың шешімімен қаламгерге «Қазақстанның Құрметті журналисі» атағын сүйіншіледі. Қазақтың ән өнері мен дүниетанымының білгірі, Ерлан Төлеутай қазойын кара домбырасын қолына алды.

– Сексен бестің сеңгірінде тұрып айттарым, алдымен жарық дүниеде осынша жасағаны үшін шүкіршілік етемін. Қазақ дейтін қарға тамырлы халқым мен Қазақстаныма риясыз ризамын! Жазушылыққа жеттім. Бұлдыраған бұлағымның, туған жерімнің маған берген қуаты орасан. Атақ пен мансап, бақ пен бедел сынды дүниелерге оншалық қызыға да қоймаппын. Жарық дүниедегі әр жалқын күнді Жаратқанның өлшеусіз сыйы деп қабылдай біліпін. Атым Өмір болған соң, өтпелі өмірдің қасиетін білуіміз керек сынды, – деп сыршан ашқан абыз жазушы Өмір Кәріпұлы кеш соңында «Тәберік» атты жаңа кітабының бетін ашып, келелі кештің өзі түйіндеді. Әсері бөлек жиыннан тараған жұрттың ойы ордалы қалыпта тысқа беттеген. Күн райы май тоңғысыз еді.

Сурет Шет ауданы әкімдігінен

Алтынға бергісіз қос қола



XXV жазғы Сурдлимпиада ойындарының аяқталуына да санаулы күндер қалды. Ал, ұлттық құрама спортшылары ел қоржынын еселеуде. Сегізінші жарыс күнінің қорытындысы бойынша қоржынымыздағы медаль саны 21-ге жетті. Оның сегізі – алтын, үшеуі күміс және оны – қола жүлде. Ел қоржынына жүлде салған спортшылардың қатарында қарағандылық сурдо тәквондошы Аян Абдраш пен Айжамол Абдикатова да бар. Жерлестер Токио төрінде өткен бәсекеде тамаша өнер көрсетіп, қола жүлдеге қол жеткізді.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қос спортшымыз керугі дисциплинасында өнер көрсеткен болатын. Нәтижесінде, 58 келіде бақ сынаған Аян Абдраш алғашқы кездесуінде қытайлық Сунг Хингоны, екіншісінде қырғызстандық Дифат Именовты 2:0 есебімен жеңіп, жартылай финалға өткен болатын. Өкінішке қарай, жартылай финалда

ды. Ал, 86 келідегі Реалы Сабыржан Сурдлимпиаданың қола жүлдегері атанды. 125 келідегі отандасымыз Хайратхан Шонку болса үндістандық қарсыласын техникалық басымдықпен жеңіп, қолаға қол жеткізді. 57 келідегі Ғабит Есжанов болса – ақтық кезеңде. Енді ол Сурдлимпиада алтыны үшін белдесетін болады. Ал, 97 келідегі Бексұлтан Малайдар, 74 келіде Ғасыр Тұрғынбай жүлделі III орын үшін күреседі.

Жеңіл атлетика бойынша ұлттық құра-



Сурет parasport.kz

ирандық спортшыдан айласын асыра алмады. Ал, қола жүлде үшін өткен бәсекеде түрік спортшысы Мухаммед Буракты 2:1 есебімен жеңіп, Сурдлимпиада ойындарының қола жүлдегері атанды.

Әйелдер арасында 57 келі салмақта бақ сынаған Айжамол Абдикатова да жарыс жолын сәтті бастаған еді. Әуелі қырғызстандық Бермет Марсебекованы, ширек финалда қытайлық Джанг Хайнаннан басым түсті. Осылайша жартылай финалға өтіп, бұл кезеңде ирандық Золейха Фатимажардан жеңіліп қалады. Бірақ, III орын үшін өткен бәсекеде Венесуэла спортшысынан айласын асырып, қола жүлде иегері атанды. Сонымен қатар, 68 келіде өнер көрсеткен отандасымыз Нұрдәулет Жақып пен 49 келідегі Виктория Протопопова жарыс жолын мерзімінен бұрын аяқтады.

Кешегі күннің түске дейінгі қорытындысы бойынша еркін күрестен Сурдлимпиаданың ақтық кезеңіне жолдама алған 65 келідегі Шадияр Пернеш ел қоржынына кезекті алтын медальді сал-

ма спортшысы Рауан Бейсебай сырыпкер секіруден финалда 4 м нәтижесін тіркеп, IV орынға тұрақтады. Ал, ерлер арасында сынға түскен Антон Щадрин мен Нұрсұлтан Құлбаев іріктеуден өте алмады. Сонымен қатар, ерлер мен әйелдер құрамасы 4x100 метрлік эстафетада да келесі кезеңге шыға алмады. Жүзуден сынға түскен отандасымыз Қуаныш Темірбаев ақтық кезеңге өтіп, нәтижесінде VII орынға табан тіреді. Енді әйелдер және ерлер командасы 5000 м жүгіру, 4x400 м жүгіруден және ұзындыққа секіруден ақтық бәсекеде бақ сынамақ.

Жүзуден ел намысын қорғаған спортшыларымыз 50 м еркін, 50 м шалқалап, 400 м кешенді, 200 м баттерфляй және 800 м еркін қашықтығында іріктеуден өте алмады. Дегенмен, 4x200 м еркін стильдегі эстафетада ерлер құрамасы финалға жолдама алып, жалпы есепте VI орынға табан тіреді.

Үстел теннисі алаңында да тартысты кездесулер орын алды. Ерлер құрамасы ширек финалға сүрінбей өтті. Ал, әйелдер құрамасы бұл жолы топтық кезеңнен әрі аса алмай қалды.

Азия чемпионы атанды

Хоккейден Қытай астанасы Бейжіңде өткен Азия чемпионаты мәреге жетті. Отандастарымыз биыл да қарсыластарын қапы қалдырып, екінші мәрте Азия чемпиондары атанды. Сонымен қатар, ұлттық құрама сапында өнер көрсеткен қарағандылық хоккей клубының ойыншысы Иван Степаненко құрлық додасының «Үздік қорғаушысы» атанды. Одан бөлек, чемпионаттың «Үздік сұрмергені» мен «Үздік қақпашысы» атағы да ұлттық құрама ойыншыларына бұйырды.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Чемпионатқа былтырғыдай төрт команда қатысқан. Сол себепті жарыс форматы да өзгеше болды. Яғни, плей-офф, жартылай финал немесе финал өткізілген жоқ. Барлық команда бір-бірімен кездесіп, өзара мықтыны анықтады.

Отандастарымыз бірінші кездесуінде Оңтүстік Корея құрамасын жеңген болатын. Екіншісінде Қытайға қарсы ойнап, 5:1 есебімен басым түсті. Соңғы ойында Жапонияға қарсы өткізіп, 4:3 есебімен аяқтады. Бұл ойында «Сарыарқа» хоккей клубының шабуылшысы Александр Борисевич үшінші шайба салып, командасын жеңіске бір табан жақындатқан болатын. Осылайша, отандастарымыз үш кездесуде ұпай жоғалтпай, екі дүркін Азия чемпиондары атанды.

Турнир қорытындысы бойынша Иван Степаненко «Үздік қорғаушы» атанды. Өзі Қытай мен Жапония құрамасына қарсы өткен ойында айдыңа команданың бірінші қорғаныс звеносында шыққан. Чемпионат қорытындысы бойынша үш шайба салыпты. Ал, Александр Борисевич те бірінші



шабуыл звеносында өнер көрсеткен. Қос кездесуде де белсенділік танытқан. Әрі команданың белді ойыншысы. Өзі барлық кездесуде айдыңа шығып, төрт ұпай еншілеген. Яғни, бір шайба салып, үш голдық пас беріпті.

Ұлттық құраманың шабуылшысы Максим Мусоров болса «Турнирдің ең көп ұпай жинаған» әрі «Үздік сұрмерген» ойыншысы атанды. Отандасымыз үш ойынның қорытындысы бойынша жеті ұпай иеленген. Бір шайба салып, алты нәтижелі пас шығарған. Осы тұста қақпашы Роман Калмыковтың да еңбегін баса айтқан жөн. Олай дейтініміз,

отандасымыз үш кездесуде небәрі алты шайба ғана өткізіпті. Яғни, пайызға шақсақ, қақпаға бағытталған қауіпті соққының 90,4%-ын тойтарған.

Осылайша, Ұлттық құрама биыл да қарсыластарынан басым түсті. Бұл жолы Оңтүстік Корея құрамасы II орын иеленсе, қола жүлде жапондарға бұйырды. Ал, Қытай құрамасы үш кездесуінде де жеңіліп, биылғы Азия чемпионатын ұпайсыз аяқтады.

Суреттер Қазақстан хоккей федерациясынан

ORTALYQ
QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА

Директордың орынбасары
Оксана Вячеславовна МЯГКИХ

Директордың орынбасары
Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҢСАБЕК

Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН

Сайт редакторы
А.Ө. СОВЕТ

Жауапты хатшы
С.Б. ПИЯШ

Телефондар:

Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:

Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген ☑

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды к., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 ғй.

Электрондық пошта: ortalqy.kz@gmail.com; ortalqy.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalqy.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJВKZKX БИН 000840001412

Тарапмыз 3 495

№130 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табак.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды к., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН